

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 24 маусымдағы N 192

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған резервтік қорынан 1997 жылғы қаңтарда өрт нәтижесінде залал шеккен Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82 мекен-жайда орналасқан әкімшілік үйінің қызметтік үй-жайлары мен шатырын жөндеу және қалпына келтіру жөніндегі берешекті өтеуге 6 (алты) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті:

бөлінген қаражаттың зиян келтіруге кінәлі адамдарды белгіленген тәртіппен материалдық жауапкершілікке тарту есебінен республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1997 жылдың қорытындысы бойынша орындалған жұмыстардың көлемі, құны және республикалық бюджетке қайтарылған қаражаттың мөлшері туралы есеп тапсырсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттардың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр